

شَهْرُ الْمُحَرَّمِ

Аллаһтың айы

Мухаррам

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Аллаһтың айы - мухаррам

Біз Оны ғана мадақтайтын және Одан ғана көмек пен кешірім тілейтін Аллаһқа мақтаулар болсын! Аллаһтан өзіміздің нәпсіміздің және амалдарымыздың жамандығынан пана сұраймыз. Кімді Аллаһ тура жолмен жүргізсе, оны ешкім адастыра алмайды, ал кімді Аллаһ тастап қойса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқтығына куәлік береміз және Мухаммад – Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісі екеніне куәлік береміз.

Ал содан соң:

Қымбатты бауырлар мен мен әпке-қарындасстар, бізге Аллаһтың айы Мухаррам айы да келіп жетті.

Біріншіден, бұл мұсылман күнтізбесінің бірінші айы және ол «Қорықты айлар» (әл-әшһур әл-хурум) деп аталатын төрт айдың біріне жатады. Ұлы Құранда Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّ عِدَّةَ الشُّهُورِ عِنْدَ اللَّهِ اثْنَا عَشَرَ شَهْرًا فِي كِتَابِ اللَّهِ يَوْمَ خَلَقَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ مِنْهَا أَرْبَعَةٌ حُرُمٌ ۚ
ذَٰلِكَ الدِّينُ الْقَيِّمُ ۚ فَلَا تَظْلِمُوا فِيهِنَّ أَنْفُسَكُمْ

«Расында, Аллаһтың алдында Ол көктер мен жерді жаратқалы Аллаһтың Кітабындағы айлардың саны он екі. Бұлардан төртеуі құрметті айлар. Міне, осы берік дін. Ендеше бұл айларда өздеріңе зұлымдық етпеңдер»

(«әт-Тауба» сүресі, 36-аят).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ай күнтізбесі он екі айдан тұратынын, әрі оның төртеуі харам яғни қорықты екенін айтқан. Үш қорықты ай (Зул-қағда, Зул-хижжа және Мухаррам айлары) бірінен соң бірі келеді, ал Рожаб айы Жұмада мен Шағбан айларының ортасында.

Аллаһ Тағала бұл айлар жайлы: **«Ендеше, бұл айларда өздеріңе зұлымдық етпеңдер»**, - деген, яғни ақыр соңында өздеріңе зәбір болатын, өздеріңе және өз жандарыңа зиян келтіретін күнәлар мен зұлымдықтар жасамаңдар. Барлық айларда күнә жасауға болмайды, бірақ бұл айларда әсіресе.

Аллаһ Тағала өз жаратылыстарының арасынан қалағанын таңдайды, сондықтан Ол періштелерден және адамдардан Өзіне елшілерді таңдады, Ол өзі таңдаған жерлерден мешіттерді ерекше етті, айлардан Рамазан мен төрт қорықты

айды таңдады, күндерден жұма күнін, ал түндерден қадір түнін басқалардан ардақты етті. Біз Аллаһ Тағаланың жоғары еткен нәрселерін ұлықтауымыз қажет.

Мухаррам айында қосымша ораза ұстау ерекше құптаулы, яғни шариғатымыз соған үндейтін амал. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

أَفْضَلُ الصِّيَامِ بَعْدَ رَمَضَانَ، شَهْرُ اللَّهِ الْمُحَرَّمِ

**«Рамазан айынан кейін ең жақсы ораза – бұл Аллаһтың айы
Мухаррамдағы ораза»**

(хадисті Муслим, 1163 жеткізген).

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздері Мухаррам айын толығымен ораза ұстаумен өткізу керек дегенді білдірмейді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Рамазан айынан басқа ешбір айда түгелімен ораза ұстамаған. Алайда бұл сөздер мухаррам айында қосымша-нәпіл оразаларды жиірек ұстауға деген ерекше үндеуді білдіреді.

Ал бұл айдағы ең құптаулы амал – Ашура күні ораза ұстау. Ашура – бұл мухаррам айының оныншы күні.

Пайғамбар бұл күнді басқа күндерден ерекшелеп, оны оразамен өткізуге тырысып, адамдарды да соған шақырған, өйткені бұл күні Аллаһ Тағала Муса пайғамбарды (оған Аллаһтың сәлемі болсын) және оның қауымын олардың іздерінен қуып келе жатқан дұшпандардан – яғни Перғауын мен оның әскерінен құтқарды. Перғауын мен оның қауымы Муса әкелген Аллаһтың жолдауын тәкаппарлықпен жоққа шығарды. Перғауын адамдарға: «Мен сендер үшін өзімнен басқа тәңір білмеймін», - деді. Ол: «Мен сендердің ең жоғары құдайларыңмын», - деді және оның халқы оны қолдап, Аллаһ Тағаланың орнына оған және басқа жалған құдайларға құлшылық етті. Перғауын мен оның жақтастары бірқұдайшылықты мойындап, Хақ Құдай – Аллаһқа құлшылық еткен Мусаның ізбасарларын қудалап, өте ауыр азапқа ұшыратты. Перғауын олардан туған ұл балаларды өлтіріп, қыздарды тірі қалдырып, келеке-мазақ етіп, ең ауыр, ең қорлаушы жұмыстарға салды. Бұндай бұзақылық төзгісіз бола бастағанда, Аллаһ Тағала Мусаға өз халқын Мысырдан түнде жасырын түрде шығаруды бұйырды. Мусаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өз қауымын – яғни сол замандағы мұсылмандарды алып шығып кеткенін білген Перғауын мен оның алып әскері оларды қатал жазаға ұшыратып, жою үшін олардың соңынан қуды. Муса мен оның халқы теңіз жағасына жеткенде, Перғауын оларды қуып жетті. Мүминдер қатты қорықты, өйткені олардың алдында теңіз, ал артында аяусыз жау тұрды. Бірақ Муса оларды жұбатып:

قَالَ كَلَّا ۖ إِنَّ مَعِيَ رَبِّي سَيَهْدِينِ

«Әсте, расында, менімен бірге Раббым. Ол маған жол көрсетеді», - деді.

(«әш-Шугара» сүресі, 62-аят).

Аллаһ Тағала Мусаға аса таяғымен теңізді ұруды бұйырды, ал ол мұны істегенде теңіз екіге қақ айырылып, су екі жаққа зәулім қабырғалар түрінде көтерілді де, олардың ортасынан Исраил ұрпағының саңына тең он екі жол пайда болды, және мұминдер сол жолдар мен теңізден жүріп өтті. Мұның үстіне ғасырлар мен мыңдаған жылдар бойы теңіз түбі болған бұл жолдар олардың үстінде ешқашан теңіз суының қабаты болмағандай құп-құрғақ болды. Осылайша таңғажайып әрі ұлы муғжиза арқылы Аллаһ Тағала мұминдерді теңізден өткізді. Перғауын болса, олардың кетіп бара жатқанын көріп, оларды теңізде пайда болған жолдармен қуа жөнелді. Бірақ теңіз суының алып қабырғалары жабылып, бұл залым жауыз бен оның әскерін, олардың барлығын өз астында қалдырып, опат етті. Міне, осылайша ақиқат өтірікті жеңеді, осылайша иман күпірлікті, көпқұдайшылық пен тәкаппарлықты жеңеді. Аллаһ Тағала, әдеттегідей, Өз уәдесінде тұрды және Өзіне иман келтіргендерді құтқарды.

Бұл ұлы әрі мән-мағызы ұлы оқиға ежелден қадір-қасиетімен танылған Ашура деп аталатын Мухаррам айының оныншы күні орын алған болатын. Муса пайғамбар бұл күнді Аллаһ Тағалаға шүкіршілік етіп, ораза ұстаумен өткізетін. Бұл күні Мухаммад пайғамбарымыз да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа Ол мұминдерді Өзінің мейірімімен қолдағаны үшін шүкір етіп, ораза ұстаған және сахабаларды да ораза ұстауға шақырған. Сондықтан әрбір мұсылман ер мен әйелге бұл күнді оразамен өткізу абзал болады.

Бірде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ашура күні ораза ұстау жайлы сұралды. Ол:

يُكَفِّرُ السَّنَةَ الْمَاضِيَةَ

**«Бұл күні ораза ұстау өткен жылғы күнәлардың өтемі болып табылады»,
– деп жауап берді.**

(хадисті Муслим, 1162 жеткізді).

Расында, Аллаһтың бізге деген мейірімі өте зор: Ол бізге осы күнде өткен жылы істеген күнәларымызды өшіретін ораза ұстауға мүмкіндік берді. Яғни бір ғана күн өзіне осындай үлкен сый-марапатты қамтыған.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Кітап иелерінен ерекшеленіп, мухаррам айының оныншы күні ғана емес, тоғызыншы күні де ораза ұстауды, яғни Ашура күні мен одан бір күн бұрын ораза тұтуды бұйырғанын айта кету керек.

Ол былай деген:

فَإِذَا كَانَ الْعَامُ الْمُقْبِلُ – إِنْ شَاءَ اللَّهُ – صُمْنَا الْيَوْمَ التَّاسِعَ

«Егер Аллаһ нәсіп етсе, келесі жылы тоғызыншы күні де ораза ұстаймыз»

(хадисті Муслим жеткізген, 1134).

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі келесі жылға дейін өмір сүрмесе де, бізге қалауын орындап, Мухаррам айының оныншы күні ғана емес, тоғызыншы күні де ораза ұстауды өсиет етті.

Өкінішке орай, өзін мұсылман санайтындардың көбісі бұл күні Аллаһ орнатпаған әрі бекітпеген түрлі істерді жасайды. Кейбіреулер бұл күнді мерекеге айналдырып, тойлап, мерекелік ас әзірлейді. Бірақ, Ислам дінінде бұл туралы ешқандай нұсқау жоқ. Басқалары бұл күнді мұң мен қайғы күні деп есептеп, бұл күні жоқтап, айғайлап, жылап, арқасын, кеудесін, басын кейде қан шыққанша ұрып, мойындарына шынжыр байлайды. Бұл қабылданбайтын, жиіркенішті, Исламға еш қатысы жоқ қорқынышты бидғаттар, яғни дінге енгізілген жаңалықтар. Ислам діні мұндай өзін-өзі азаптауға қатыссыз. Аллаһ Тағала бізге мейірімді әрі рахымды, және Ол Өзінің пенделеріне өздерін өздері азаптауды бұйырмайды және мұндай сұмдық істерге тыйым салады. Иә, біздің барлығымыз, барлық мұсылмандар осы күні орын алған сүйікті Пайғамбарымыздың сүйікті немересі, Жәннат жасөспірімдерінің қос мырзасының бірі, Пайғамбарымыздың бұл дүниедегі қос райхан гүлі болған Хусайнның (Аллаһ оған разы болсын) әділетсіз және заңсыз өлтірілуін шын жүректен айыптаймыз. Бірақ бұл Аллаһтың дінін бұрмалап, оған мұндай жиіркенішті жаңалықтар еңгізуге негіз бола алмайды. Дін – бұл Аллаһтың бұйырғаны және Оның Елшісінің үйреткені, және бұндай аза тұту рәсімдері иләһи-құдайлық ілімге қайшы келеді.

Өйткені бізге әр нәрседе Аллаһтың Елшісі Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу бұйырылды. Аллаһ Тағала былай деген:

لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ

«Расында, сендер үшін, Аллаһқа және Ақырет күніне үміт еткендер және Аллаһты көп еске алған кісілер үшін; Аллаһтың Елшісінде көркем өнегелер бар»

(«әл-Әхзаб» сүресі, 21-аят).

Аллаһ Тағала бізден кез келген ізгі амалдар мен қандай да бір ғибадаттарды олар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйреткеніне сәйкес келсе ғана қабыл етеді. Біз оған ізбе-із ілесуіміз керек – сонда ғана Тозақтан құтылып, Жәннатқа кіре аламыз. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

كُلُّ أُمَّتِي يَدْخُلُونَ الْجَنَّةَ إِلَّا مَنْ أَبَى

«Өздері бас тартқандардан басқа, менің үмметімнің барлығы Жәннатқа кіреді».

Адамдар одан: «Уа Аллаһтың Елшісі! Одан кім бас тартады?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

مَنْ أَطَاعَنِي دَخَلَ الْجَنَّةَ، وَمَنْ عَصَانِي فَقَدْ أَبَى

**«Кім маған бағынса - Жәннатқа кіреді, ал кім маған бағынбаса -
(Жәннаттан) бас тартқаны», - деп жауап берді.**

(хадисті әл-Бухари жеткізді, 7280).

Ендеше, Жәннаттан бас тартпаңдар – Аллаһ біздің екі дүниеде де бақытты болуымыз үшін жіберген Өз Елшісінің, Пайғамбарымыздың ізінен жүріңіздер. Әр қадамдарыңызды оның сенімді түрде жеткен Сүннетімен салыстырыңыздар. Қандай да бір діни істі жасамас бұрын: «Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұны жасады ма? Бізге мұны үйретті ме?», - деп сұраңыздар.

Біз мұсылмандар Пайғамбарымыз бен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның сахабаларына мүлтіксіз ілессек қана жер бетіндегі өмірдің барлық саласында жетістікке және мәңгілік өмірдегі бақытқа қол жеткізе аламыз.

Біз неліктен сахабаларды қосып айтып отырмыз? Өйткені олар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл жанында болды, одан барлық нәрсені үйреніп, одан білім мен діннің толық түсінігін алып, бұл білімді бізге жеткізді. Демек, біз дінді, Құран мен Сүннетті сахабалар мен сахабалардан ілім алып, оларға ерген табиғиндер түсінгендей етіп түсінуіміз қажет. Яғни, біз Ислам дінін, оның наным-сенімі мен әдістерін бұл үмметтің алғашқы ұрпақтары түсінгендей түсінуіміз керек. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

خَيْرُ أُمَّتِي قَرْنِي، ثُمَّ الَّذِينَ يَلُونَهُمْ، ثُمَّ الَّذِينَ يَلُونَهُمْ

**«Менің үмметімдегі ең жақсылар – бұл менің кезімдегі ұрпақ, кейін
солардан кейін келгендер, сосын олардан кейінгілер»**

(хадисті әл-Бухари, 2652 мен Муслим, 2533 жеткізген).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дінге енгізілетін кез-келген жаңалықтардан қатаң сақтандырған. Иә, жердегі дүние тіршілігіне келетін болсақ, біз оған қатысты жақсы жаңалықтарды қабылдаймыз: яғни біз ат, есек, түйе мінуді қойып, көліктер мен ұшақтарды қолданып жатырмыз, қауырсынмен жазуды тоқтатып, қаламсаппен жазамыз және компьютерлерді қолданамыз. Бірақ дінге келетін болсақ, біз бұл салада ешқандай жаңалықтарға (бидғаттарға) жол бермеуіміз керек – өйткені дін Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабаларынан мұра етілген кейіпінде, жаңалықтар мен бұрмалаудардан, ойдан шығырылған нәрселер мен бидғаттардан таза болып қалуы керек.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

افْتَرَقَتِ الْيَهُودُ عَلَى إِحْدَى وَسَبْعِينَ فِرْقَةً، وَتَفَرَّقَتِ النَّصَارَى عَلَى ثِنْتَيْنِ وَسَبْعِينَ فِرْقَةً، وَتَفَرَّقَتْ أُمَّتِي عَلَى

ثَلَاثٍ وَسَبْعِينَ فِرْقَةً، كُلُّهَا فِي النَّارِ إِلَّا وَاحِدَةً

«Яһудилер жетпіс бір топқа, христиандар жетпіс екі топқа бөлінді, ал менің үмметім жетпіс үш топқа бөлінеді, олардың бір топтан басқасының барлығы Тозақ отында болады».

Адамдар: «Уа Аллаһтың Елшісі! Бұл қандай топ?», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

مَا أَنَا عَلَيْهِ وَأَصْحَابِي

«Бұлар мен және менің сахабаларым ұстанғанды ұстанатындар», - деп жауап берді.

(хадисті Абу Дауд, 4596; әт-Тирмизи, 2640, 2641 және Ибн Мәжаһ жеткізген, 3991-3993; әл-Әлбани оны сенімді деп атаған).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің құтпаларын мына сөздермен бастаған:

إِنَّ أَصْدَقَ الْحَدِيثِ كِتَابُ اللَّهِ، وَأَحْسَنَ الْهُدَى هُدَى مُحَمَّدٍ، وَشَرُّ الْأُمُورِ مُحْدَثَاتُهَا، وَكُلُّ مُحْدَثَةٍ بِدْعَةٌ وَكُلُّ
بِدْعَةٍ ضَلَالَةٌ، وَكُلُّ ضَلَالَةٍ فِي النَّارِ

«Расында, ең шынышыл сөздер – Аллаһтың Кітабы, ең жақсы жол – Мұхаммадтың жолы, амалдардың ең жаманы – діни бидғаттар. Әр бидғат – адасушылық, ал әрбір адасушылық – Тозақ отында»

(хадисті Муслим, 867; Ахмад, 14334 және ән-Насаи келтірген, 1578; әл-Әлбани оны сенімді деп атаған).

Діни жаңалықтарды ойлап тапқандар, шынымен де, бұл дінді толық емес, ол әлдебір нәрсемен толықтыруды қажет етеді деп ойлайды ма? Әлде олар Пайғамбар мен сахабалар бізден бір жақсылықты жасырып, оны бізге жеткізбеген деп ойлап, енді өздері болжам жасап, Аллаһқа құлшылық етудің жаңа жолдарын ойлап тауып жатыр ма?

Сахабалар мен тура жолдағы имамдарға дін ретінде жеткілікті болған нәрселер бұларға неге жеткіліксіз?!

Хузайфа ибн әл-Яман былай деген екен:

كُلُّ عِبَادَةٍ لَمْ يَتَعَبَّدْهَا أَصْحَابُ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، فَلَا تَعْبُدُوهَا

«Аллаһтың Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары жасамаған кез келген ғибадатты жасамаңдар».

Ибн Масғуд былай деген:

اتَّبِعُوا وَلَا تَبْتَدِعُوا فَقَدْ كُفِيتُمْ، عَلَيْكُمْ بِالْأَمْرِ الْعَتِيقِ

«Ілесіңдер және жаңалықтар (бидғаттар) ойлап таппаңдар. Сендер бұл қажеттіліктен құтылғансыңдар. Сендер бастапқы, алғаш, ескі дінге ілесуілерің керек».

Абу Ханифа былай деген:

إِذَا جَاءَ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَعَلَى الرَّأْسِ وَالْعَيْنِ وَإِذَا جَاءَ عَنِ الصَّحَابَةِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ فَعَلَى الرَّأْسِ وَالْعَيْنِ

«Егер сендерге Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадис жетсе, оған ықыласпен ілесіңдер, егер сендерге сахабалардан хабар жетсе, оны қуана қарсы алып, оған ілесіңдер».

Ендеше, Аллаһ Тағала оларға Өзінің разылығы үшін шын ықылас пен құлшылық жасауға және Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүннетіне жаңалық пен бидғаттарды араластырмай қатаң түрде ұстануға көмектескен жандарды құттықтаймын. Аллаһ Тағала олардың құлшылықтарын қабыл етіп, Жәннатқа кіргізеді. Олар бұл жаңалыққа қуансын.

Сүннет кемесіне мініп, бақытқа қарай жүзейік. Имам Мәлик айтқандай, Сүннет – бұл Нухтың кемесі, оған мінген адам ғана құтылады, ал құтылуды қаламаған адам опат болады.

Адамдардың Сүннетте нұсқау жоқ нәрсені істегенін көрген кезде, Аллаһтың оны қабылдамайтынын білу - ауыр. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Дінімізде нұсқау болмаған кез келген амал қайтарылады»*. Ол сондай-ақ былай деген: *«Біреу біздің дінімізге ондағы жоқ нәрсені енгізсе, ол қайтарылады»*.

Бір кездері бір патша өмір сүргені және оның сүйікті тотықұсы болғандығы баяндалады. Бір күні сол тотықұс жоғалып кетіпті. Патша оны тауып, оған жеткізген адамға үлкен сый уәде етті. Бір адам тотықұсты тапты, бірақ оны тексергеннен кейін бұл құсты түзету керек деп шешті. Ол оның тұмсығын қысқартып, қанатын қайшымен қырқып, оны басқа түске бояды, кейін өзінің осы істегеніне риза болып, сый аламын деген үмітпен тотықұсты патшаға апарады. Сүйікті құсына не істегенін көрген патша ашуланып, оны марапаттау орнына өлтіруді бұйырды. Патша өзінің құмарлықтары мен қалауларын қанағаттандыру үшін зақымданған және бұрмалауға ұшыраған нәрсені емес, өзінің құсын қалады.

Кез келген ұқсатудан әрі әлдебіреуге теңеуден пәк әрі Жоғары Аллаһ Тағала бізден ғибадаттарымызды олар тек Оның дініне, Елшісінің Сүннетіне сай болса ғана қабылдайды. Мен Ұлы Аллаһтан, Ұлы Аршының Раббысынан бізден де, сендерден де ғибадаттарымызды қабыл етіп, барша күнәларымызды кешіруін, бізге осы және мәңгілік дүниенің барша нығметтерін нәсіп етіп, барлық жамандықтардан сақтауын сұраймын.

Қазақ тіліне аударған
шейх Хайсам Сархан басшылығындағы
«Сунна» колледжі